

"Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш" салық есептілігіне (328.00-нысан) байланысты кейбір мәселелер туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 628 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 қазанда № 37237 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 49-бабы 4-тармағының төртінші бөлігіне , 115-бабы 3-тармағының үшінші бөлігіне, 530-бабының 7-тармағына, 532-бабының 6-тармағына және 549-бабының 5-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес оны жасау бойынша түсіндірмесі бар "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (328.00-нысаны)" салық есептілігінің нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (328.00-нысаны)" салық есептілігін ұсыну қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтарып алу қағидалары;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (328.00-нысаны)" салық есептілігін кері қайтарып алу туралы өтініштің нысаны;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кірістер органдарының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын және импортталған акцизделетін тауарлар бойынша акцизді төлеу фактісін тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште тиісті белгі қою не растаудан дәлелді бас тарту жолымен, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдарының импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеу фактісін растау не растаудан дәлелді бас тарту жағдайын растау қағидалары;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жанама салықтарды төлеу фактісін растаудан дәлелді бас тарту нысаны;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жанама салықтарды төлеу фактісін растау туралы хабарлама нысаны бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының Жасанды
интеллект және цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 28 қазандағы
№ 628 бұйрығына
1-қосымша

328.00 нысан

Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш

Бет

-ден

Нөмірі Күн Айы Жылы

--	--	--	--

1-бөлім

Сатушы	Сатып алушы

Салық төлеушінің сәйкестіндіру коды (нөмірі)	Салық төлеушінің сәйкестіндіру коды (нөмірі)
01 _____	02 _____
(ұйымның атауы, дара кәсіпкердің немесе дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаның Т.А.Ә.)	(ұйымның атауы, дара кәсіпкердің Т.А.Ә.)
03 _____	04 _____
(елдің коды, орналасқан жері (тұрғылықты жері))	(елдің коды, орналасқан жері (тұрғылықты жері))

05 шарттың (келісімшарттың) № _____ шарттың (келісімшарттың) күні 20__ ж.

"__" _____ ерекшеліктерінің № _____, _____ ерекшеліктерінің күні _____, _____

06 _____

(ұйымның атауы (дара кәсіпкердің Т.А.Ә.) елдің коды, орналасқан жері (тұрғылықты жері))

07 шарттың (келісімшарттың) № _____ шарттың (келісімшарттың) күні 20__ ж.

"__" _____ ерекшеліктерінің № _____, _____ ерекшеліктерінің күні _____, _____

(лизинг шарты жасалған жағдайда тиісті торкөзде X белгісі қойылады,

алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу шарты жасалған жағдайда тиісті торкөзде X

белгісі қойылады,

дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғадан тауарды сатып алу туралы шарт

жасалған жағдайда тиісті торкөзде X белгісі қойылады)

р/с №	Тауардың атауы	СЭҚ ТН тауар код	Тауардың өлшем бірлігі	Тауар мөлшері	Тауар (жұмыс) құны	Валюта		Көлік (тауарға ілеспе) құжаты	
						Коды	Бағамы	Сериясы, нөмірі	Күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
ЖИЫНЫ:		X	X	X	X	X	X	X	X

продолжение таблицы

Шот-фактура		Тауарды есепке қабылдаған күні	Салықтық база		Салық мөлшерлемесі			Салық сомасы	
Нөмірі	Күні		Акциздер	ҚҚС	Акциздер		ҚҚС	Акциздер	ҚҚС
					негізгі (ерекшеліктер)	адвалорлы			
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
X	X	X			X	X	X		

Осы өтініште келтірілген мәліметтердің дұрыстығын және толықтығын растаймын

Сатып алушы (сатып алушы-дара кәсіпкер) - қолы күні М.О.

ұйым басшысының (уәкілетті тұлға) Т.А.Ә.

Түзетілген жағдайда _____

Бет

-ден

Нөмірі Күні Айы Жылы

--	--	--	--

2-бөлім

Салық органына табыс ету кезінде өтінішті тіркеу туралы белгі Нөмірі Күні Айы Жылы <table border="1"><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>					Сатып алушының есепке қою орны бойынша жанама салықтарды төлеу (ҚҚС және (немесе) акцизден босатылғаны) туралы салық органының белгісі өтінішті тіркеу туралы белгі қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізіледі. ҚҚС _____ сомасында төленді Акциздер _____ сомасында төленді _____ инспектордың Т.А.Ә. (болған кезде) лауазымы қолы күні _____ Басшы (басшының орынбасары) қолы күні Мөр орны (болған кезде) _____ Салық органының атауы

Мемлекеттік кірістер органы 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың талаптарына салық төлеуші толтырған өтініш деректемелерінің сәйкессіздігін анықтаған жағдайда салық органы салық төлеуші анықтаған сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін жанама салықтарды төлеу туралы белгі қояды.

Бет

-ден

Нөмірі Күні Айы Жылы

--	--	--	--

3-бөлім	
Сатып алушы, комитент, сенім білдіруші, принципал	Сатып алушы, коммисионер, сенім білдірілген адам, агент

(керегінің астын сызу керек)	(керегінің астын сызу керек)
Салық төлеушінің сәйкестіндіру коды (нөмірі)	Салық төлеушінің сәйкестіндіру коды (нөмірі)
08 _____	09 _____
(ұйымның атауы, дара кәсіпкердің Т.А.Ә.)	(ұйымның атауы, дара кәсіпкердің Т.А.Ә.)
10 _____	11 _____
(елінің коды, орналасқан жері (тұрғылықты жері)	(елінің коды, орналасқан жері (тұрғылықты жері)

12 шарттың (келісімшарттың) № _____ шарттың (келісімшарттың) күні 20__ж. " __
 " _____ ерекшеліктерінің № _____, _____ ерекшеліктерінің күні _____, _____

Сатып алушы (сатып алушы-дара кәсіпкер) қолы күні М.О.
 ұйым басшысының (уәкілетті адам) Т.А.Ә.

Тауарларды әкелу және жанама
 салықтарды төлеу туралы
 өтінішке қосымша

Бет

- ден

Нөмірі Күні Айы Жылы

--	--	--	--

Сатушы (комиссионер, сенім білдірілген адам, агент / комитент, сенім білдірушы, принципал (керегінің астын сызу керек) 	Сатып алушы (комиссионер, сенім білдірілген адам, агент/ комитент, сенім білдірушы, принципал) (керегінің астын сызу керек)
Салық төлеушінің сәйкестіндіру коды (нөмірі) _____	Салық төлеушінің сәйкестіндіру коды (нөмірі) _____
(ұйымның атауы, дара кәсіпкердің тегі, ТАӨ) _____	(ұйымның атауы, дара кәсіпкердің ТАӨ) _____
(елінің коды, орналасқан (тұрғылықты) жері _____	(елінің коды, орналасқан (тұрғылықты) жері _____

(келісімшарттың) № _____ шарттың (келісімшарттың) күні 20__ж. " __
 ерекшеліктерінің № _____, _____ ерекшеліктерінің күні _____, _____

Сатушы (комиссионер, сенім білдірілген адам, агент /	Сатып алушы (комиссионер, сенім білдірілген адам, агент/
--	--

комитент, сенім білдірушы, принципал) (керегінің астын сызу керек)	комитент, сенім білдірушы, принципал (керегінің астын сызу керек)
Салық төлеушінің сәйкестіндіру коды (нөмірі)	Салық төлеушінің сәйкестіндіру коды (нөмірі)
(ұйымның атауы, дара кәсіпкердің ТАӘ)	(ұйымның атауы, дара кәсіпкердің ТАӘ)
(елінің коды, орналасқан (тұрғылықты) жері	(елінің коды, орналасқан (тұрғылықты) жері

(келісімшарттың) № _____ шарттың (келісімшарттың) күні 20__ ж. " __ " _____ ерекшеліктерінің № _____, _____ ерекшеліктерінің күні _____, _____

Сатушы (комиссионер, сенім білдірілген адам, агент /	Сатып алушы (комиссионер, сенім білдірілген адам, агент/
комитент, сенім білдірушы, принципал) (керегінің астын сызу керек)	комитент, сенім білдірушы, принципал (керегінің астын сызу керек)
Салық төлеушінің сәйкестіндіру коды (нөмірі)	Салық төлеушінің сәйкестіндіру коды (нөмірі)
(занды тұлғаның атауы, жеке кәсіпкердің Т.А.Ә.)	(занды тұлғаның атауы, жеке кәсіпкердің Т.А.Ә.)
(елінің коды, орналасқан жері (тұрғылықты жері)	(елінің коды, орналасқан жері (тұрғылықты жері)

(келісімшарттың) № _____ шарттың (келісімшарттың) күні 20__ ж. " __ " _____ ерекшеліктерінің № _____, _____ ерекшеліктерінің күні _____, _____

Ескертпе: Аббревиатураларды ашып жазу қосымшасы:

ТАӘ – тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

ҚҚС – қосылған құн салығы;

СЭҚ ТН – сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы;

ж. – жыл;

М.О. – мөртаңба орны.

"Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (328.00-нысан)" салық есептілігі нысанына қосымша

"Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (328.00-нысан)" салық есептілігінің нысанын жасау бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (328.00-нысаны)" салық есептілігінің нысаны (бұдан әрі – Өтініш) қағаз жеткізгіште 4 (төрт

данада) және электрондық түрде мемлекеттік кірістер органдарын ақпараттандыру объектілері арқылы ұсынылады:

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 525-бабының 2-тармағына сәйкес қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) төлеуден босатыла отырып және (немесе) Салық кодексінің 509-бабына сәйкес өзге де төлеу тәсілімен тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын тұлғалар;

Салық кодексінің 532-бабы 3-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда салық төлеуші;

Салық кодексінің 518-бабының 8-тармағында көзделген жағдайда салық төлеуші.

2. Өтініш тауарларды әкелу және салық міндеттемесін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған үш бөлімнен және оған қосымшадан тұрады.

Өтініштің бірінші және үшінші бөлімдерін және оған қосымшаны салық төлеуші, екінші бөлімді – мемлекеттік кірістер органы толтырады.

3. Өтінішті толтыру кезінде түзетуге, тазартуға және өшіруге жол берілмейді.

4. Өтініште көрсетілуге жататын мәліметтер (ақпараттар) болмаған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Өтінішке қосымша оларда көрсетілуге жататын деректер болмаған кезде жасалмайды.

6. Бұл нысан 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

2-тарау. "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (328.00-нысан)" салық есептілігінің нысанын жасау бойынша түсіндірме

7. Өтініштің әрбір бетінің жоғарғы оң жақ бұрышына салық төлеуші Өтініштің нөмірін, оның толтырылған күнін, айын және жылын қояды.

8. Өтініштің "Сатушы/Сатып алушы" деген жолында көрсетіледі:

салық төлеушінің сәйкестіндіру коды (нөмірі);

занды тұлғаның атауы немесе дара кәсіпкердің, дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты.

Лизинг шартын жасасу кезінде тиісті торкөзге "X" белгісі қойылады.

Алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу шартын жасасу кезінде тиісті торкөзге "X" белгісі қойылады.

Тауарды дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғадан сатып алу туралы шарт жасасу кезінде тиісті торкөзге "X" белгісі қойылады.

01-жолда (Сатушы) 02 жолында көрсетілген Сатып алушымен немесе комиссионермен, сенім білдірілген өкілмен шарт (келісімшарт) жасасқан тұлға көрсетіледі.

02-жолда (Сатып алушы) тауарларды импорттаған және тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік кірістер органына Өтініш берген Қазақстан Республикасының салық төлеушісі көрсетіледі.

03-жолда Сатушының орналасқан жерінің мекенжайы, елінің коды көрсетіледі.

04-жолда Сатып алушының орналасқан жерінің мекенжайы, елінің коды көрсетіледі

1-бөлімді тауарларды Сатып алушы, сондай-ақ Салық кодексінің 529-бабының нормаларында белгіленген комиссионер, сенім білдірілген өкіл толтырады.

05-жолда Сатушы мен Сатып алушы (комиссионер, сенім білдірілген өкіл) арасында жасалған шарттың (келісімшарттың) нөмірі мен күні, оның негізінде мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлар импортталған шартқа (келісімшартқа) ерекшеліктердің нөмірі мен күні көрсетіледі.

Бөлшек сатып алу-сату кезінде Сатушы мен Сатып алушы (комиссионер, сенім білдірілген өкіл) арасында жасалған шарт (келісімшарт) болмаған кезде Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлардың (оның ішінде бақылау-касса машиналарының чектері, тауарлық чектер, сатып алу актілері) алынғанын (не сатып алынғанын) растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі өтініштің 06 және 07-жолдарын толтырмайды. Бұл ретте, егер аталған мемлекеттердің заңнамасында комиссионердің, сенім білдірілген өкілдің, агенттің жанама салықтарды төлеуі көзделмесе, осы жолдарды басқа мүше мемлекеттердің салық төлеушілері (төлеушілері) толтырады.

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі Қазақстан Республикасының аумағына екінші мүше мемлекеттің аумағында сатып алынған және үшінші бір мүше мемлекеттің аумағында қайта өңделген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын тауарларды әкелген кезінде 2 (екі) Өтініш толтырады, бұл ретте:

тауарларды (алыс-беріс шикізатын) Сатушыға жіберілетін Өтініштің бағандарын толтыру кезінде кестенің 2 және 6-бағандарында тиісінше алыс-беріс шикізатының атауы және құны көрсетіледі;

алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды Сатушыға жіберілетін Өтініштің бағандарын толтыру кезінде кестенің 2 және 6-бағандарында тиісінше қайта өңдеу өнімі болып табылатын тауардың атауы және алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстардың құны көрсетіледі.

Тауарларды импорттау кезінде жанама салықтардың сомаларын айқындау үшін салық төлеушімен мына кестелер толтырылады, онда:

2-бағанда – шот-фактуралар немесе көліктік (тауарға ілеспе) құжаттардың негізінде тауардың атауы;

3-бағанда – Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы бойынша тауарлардың 10 таңбалы коды;

4-бағанда – шот-фактурада немесе көліктік (тауарға ілеспе) құжатта не импортталған тауардың сатып алынғанын растайтын өзге де құжатта көрсетілген тауар санының өлшем бірлігі;

5-бағанда – 4-бағанда көрсетілген өлшем бірліктеріндегі тауар саны;

6-бағанда – шот-фактурадан немесе көліктік (тауарға ілеспе) құжаттардан не импортталған тауардың сатып алынуын растайтын өзге де құжаттардан алынған мәліметтер негізінде тауардың (жұмыстың) құны;

7-бағанда – валюта коды;

8-бағанда – импортталған тауарларды есепке қабылдау күннің алдындағы күніне шот-фактурада немесе көліктік (тауарға ілеспе) құжатта көрсетілген валютаға теңгенің Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген бағамы;

9-бағанда – көліктік (тауарға ілеспе) құжаттардың сериясы, нөмірі;

10-бағанда – көліктік (тауарға ілеспе) құжаттардың күні;

11-бағанда – шот-фактура нөмірі;

12-бағанда – шот-фактура күні;

13-бағанда – салық төлеушінің тауарды есепке қабылдаған күні;

14-бағанда – акцизделетін тауарлар бойынша салық базасы, заттай мәнде импортталатын тауардың көлемін негізге ала отырып, егер акциздердің негізгі (ерекше) мөлшерлемелері 4-бағанда көрсетілген өлшем бірліктері үшін белгіленген болса, 5-бағанның көрсеткіштеріне тең болады.

Негізгі (ерекше) мөлшерлемелері болмаған кезде акцизделетін тауарлар бойынша салық базасы осындай қайта есептеу үшін Салық кодексінің 537-бабында белгіленген тиісті шамаларға 5-баған көрсеткішін қайта есептеуді ескере отырып, өлшем бірліктерінде көрсетіледі;

15-бағанда – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ҚҚС бойынша салық базасы. Салық базасы Салық кодексінің 518-бабының талаптары ескеріле отырып есептеледі. ҚҚС бойынша салық базасының мөлшеріне 19-бағанда көрсетілген акцизделетін тауарлар бойынша акциздер сомасы енгізіледі;

16 және 18-бағанда – Салық кодексінде белгіленген акциздер мен ҚҚС бойынша салық мөлшерлемелері. Егер Қазақстан Республикасының салық заңнамасында Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлар бойынша ҚҚС және (немесе) акциздерді төлеуден босату көзделген кезде бағандарда "жеңілдік" деген сөз қойылады. Акцизделетін тауарлар бойынша 16-бағанда ұлттық валютада акциз мөлшерлемесі көрсетіледі;

17-бағанда – сызықша қойылады;

19-бағанда – тауарларды Сатып алушы 16-бағанда көрсетілген қолданылатын салық мөлшерлемелерін негізге ала отырып есептеген акциздер сомасы.

Егер Салық кодексінің 538-бабында Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлар бойынша акциздерді төлеуден босату көзделсе және 16-бағанда "жеңілдік" деген сөз қойылса, 19-бағанда "0" (нөл) қойылады;

20-бағанда – 15-бағанда көрсетілген салық базасына 18-бағанда көрсетілген, қолданылатын салық мөлшерлемесі негізге алына отырып есептелген ҚҚС сомасы.

Егер Салық кодексінің 525-бабында Қазақстан Республикасының аумағына әкелген тауарларды ҚҚС төлеуден босату көзделсе және 18-бағанда "жеңілдік" деген сөз қойылса, 20-бағанда "0" (нөл) қойылды.

Егер бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына тауарлардың өткізілуін растайтын көліктік (тауарға ілеспе) құжатының қорытынды жолы болса, біріне-бірі ұқсас әкелінетін тауарлардың ортақ атауы көрсетіле отырып, Өтініштің бір жолына көлік (тауарға ілеспе) құжатының қорытынды жолының мәліметтерін көшіруге жол беріледі.

Егер көліктік (тауарға ілеспе) құжатта акцизделетін тауарлар көрсетілсе не әртүрлі мөлшерлемелер бойынша жанама салықтар салынатын немесе әртүрлі өлшем бірліктері бар тауарларға қатысты көрсеткіштер келтірілсе, онда Өтінішке көліктік (тауарға ілеспе) құжаттан тауарлардың барлық атаулары (әрбір позициясы) көшіріледі.

Егер бір-біріне ұқсас бірнеше тауарлар көрсетілген көліктік (тауарға ілеспе) құжатта қорытынды жолы болмаса, онда тауарға ілеспе (көліктік) құжаттың әрбір жолында көрсетілген көрсеткіштер Өтінішке көшіріледі. Бұл ретте Өтініштің 9 және 10-бағандарда сол бір көліктік (тауарға ілеспе) құжаттың мәліметтері көрсетіледі.

Егер шот-фактурада бірнеше көліктік (тауарға ілеспе) құжаттарда көрсетілген тауарлар санамаланған болса, онда Өтінішке жоғарыда жазылған талаптарды ескере отырып, әрбір көліктік (тауарға ілеспе) құжаттан позициясы көшіріледі. Бұл ретте Өтініштің 11 және 12-бағандарында мұндай шот-фактураның деректері қайталанады.

Егер шот-фактуралар жазып беру (көшірме жазбасын беру) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделмесе не тауарларды сатып алу мүше болып табылмайтын мемлекеттің салық төлеушісінде жүзеге асырылса, Өтініштің 1-бөлімнің 4, 6, 7, 8, 9, 10, 11 және 12-бағандарында импортталған тауардың құнын растайтын сатып алушы шығарған (жазып берген) өзге құжаттың мәліметтері көрсетіледі.

Егер шарттың (келісімшарттың) қатысушылары салық төлеуші тауарларды есепке алынған ай өткеннен кейін импортталған тауарлар бағасын ұлғайтса, онда Өтініштің 1-бөлімі кестесінде мынадай жазба жасалады: "Салық органында 20__ жылы "___" _____ бағаның ұлғаюына байланысты тіркелген 20__ жылы "___" _____ №___ өтініште көрсетілген көрсеткіштердің мәнін түзету" (шарттың (келісімшарттың) қатысушылары бағаны ұлғайтқан ай, жыл көрсетіледі) деген жазу жасалады. Күні мен нөмірі Өтініштің 2-бөлімінен көрсетіледі. Бұл ретте Өтініштің 1-бөлімі кестесінің 1-бағанда көрсеткіштің мәні түзетілетін, онда Өтініште көрсетілген тауар позицияның реттік нөмірі көрсетіледі. Өтініштің 1-бөлімі кестесінің 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 16, 17

және 18-бағандарына түзетілетін Өтініштен көрсеткіштер мәні көшіріледі. Өтініштің 1-бөлімі кестесінің 6, 14, 15, 19 және 20-бағандарында өзгертілген және алдындағы көрсеткіштердің мәні арасындағы айырмашылық көрсетіледі.

Егер әкелінген тауарларды салық төлеуші есепке алынған ай аяқталғаннан кейін, олар сапасыз және толық жинақталмау себебінен ішінара қайтарылса, онда нақтыланған Өтініштің кестесінде мынадай: "Ішінара қайтаруға байланысты бұрын табыс етілген және салық органында 20__ жылғы _____ № _____ тіркелген Өтініш ауыстырылсын" деген жазу жасалады. Күні мен нөмірі Өтініштің 2-бөлімінен көрсетіледі. Өтініштің 1-бөлігінің кестесінде ішінара қайтару туралы ақпаратты көрсетусіз көрсеткіштер мәні көрсетіледі. Бұл ретте Өтініштің 1-бөлімі кестесінің 1-бағанында тауар позициясының тиісті Өтініште көрсетілген реттік нөмірі көрсетіледі.

Егер салық төлеуші ұсынған Өтініш бұрын ұсынылған Өтініште осы тармақтың отыз сегізінші және отыз тоғызыншы абзацында көрсетілмеген себептері ескертілсе, онда осындай Өтініштің кестесінде мынадай: "Бұрын табыс етілген және салық органында 20__ жылғы _____ № _____ тіркелген Өтініш ауыстырылсын" деген жазу жасалады. Күні мен нөмірі Өтініштің 2-бөлімінен көрсетіледі.

Егер импортталған тауар дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғадан сатып алынса, онда сатушының салық төлеушінің сәйкестіндіру коды (нөмірі) деректемесі ол болған кезде көрсетіледі.

9. Өтініштің 3-бөлімі, оның ішінде мынадай жағдайларда толтырылады:

1) егер Өтініштің 1-бөлімінде көрсетілген Сатушының тауарларды өткізу жөніндегі айналымдары (операциялары) Өтініштің 1-бөлімінде көрсетілген Сатып алушыға, Сатушы – мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жанама салық салу объектісі болып табылмайды, себебі Сатушы – мүше мемлекеттің аумағы осындай тауарларды өткізу орны деп танылмайды. Бұл ретте "Сатушы (комитент, сенім білдіруші, принципал)" деген 08-жолда осындай тауарларды өткізу кезінде 0 пайыз мөлшерінде ҚҚС мөлшердемесін (акциздер бойынша босату) қолданған, аумағынан тауарлар әкетілген мүше мемлекеттің салық төлеушісі көрсетіледі. 12-жолда шарттың (келісімшарттың) деректемелері (шарттың (келісімшарттың) нөмірі және 08 және 09-жолдарда Сатушы мен Сатып алушы арасында жасасқан шарттың (келісімшарттың) күні) көрсетіледі.

2) тауарды Сатып алушыға өткізу кезінде (02-жол) комиссионер, сенім білдірілген өкіл немесе агент арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте 12-жолда комиссия шартының (келісімшартының), тапсырыстың немесе агенттік шарттың (келісімшарттың) деректемелері, ал 08 және 09-жолдарда осы шарттың (келісімшарттың) тараптары көрсетіледі.

3) бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына осы екінші мемлекеттің салық төлеушісі (Сатып алушы) мүше мемлекет болып табылмайтын мемлекеттің салық төлеушісімен жасалған шарт негізінде сатып алынатын тауарларды импорттау кезінде жүзеге асырылады. Бұл ретте 08 және 09-жолдарында мемлекет

аумағына тауарлар импортталған Сатып алушы тауарларды өткізу кезінде 0 пайыз мөлшерінде (акциздер бойынша босату) ҚҚС мөлшерлемесін қолданған, аумағынан тауарлар экспортталған мүше мемлекеттің салық төлеушісін және мүше болып табылмайтын мемлекеттің салық төлеушісін көрсетеді. 10 және 11-жолдарда аталған тұлғалар салық төлеушілері болып табылатын мемлекеттердің кодтары көрсетіледі. 12-жолда көрсетілген тұлғалар арасындағы шарттардың деректемелері көрсетіледі. Мемлекеттердің кодтары және шарттардың деректемелері көрсетілген кезде, 09-жолда (сондай-ақ 1-бөлімнің 01-жолындағы) "Салық төлеушінің сәйкестіндіру коды (нөмірі)" деректері толтыру үшін міндетті болып табылмайды.

10. Тауарларды жеткізуде үш адамнан артық адамдар қатысқан жағдайларда, салық төлеуші Қосымшада Сатушыдан бастап (ҚҚС 0 пайыз мөлшерлемесін қолдану немесе акциздер төлеуден босату заңдылығын растайтын құжаттар топтамасын мемлекеттік кіріс органына табыс ететін, аумағынан тауарлар әкетілген мүше мемлекеттің салық төлеушісі), Сатып алушыға дейін (Өтініш ұсынушы салық төлеуші) тиісті мәмілелерге қатысушы тұлғаларды, сондай-ақ шарттың (келісімшарттың) мәліметтерін: салық төлеушінің атауын, сәйкестіндіру кодын (нөмірін), елдің кодын, оның орналасқан жерін, шарттың (келісімшарттың) нөмірін, шарттың (келісімшарттың) күнін, ерекшеліктердің нөмірлері мен күнін көрсете отырып, тауарларды өткізу жөнінде мәмілелер туралы мәліметтерді көрсетеді.

11. Өтінішті тек электрондық түрде табыс еткен кезде мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамы электронды түрдегі Өтініш келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде салық төлеушіге электронды түрде жанама салықтардың төлену фактісін растау туралы хабарламаны не дәлелді бас тартуды жіберуі тиіс.

12. Қағаз жеткізгіште (төрт данада) және электрондық түрде ұсынылған Өтініштер бойынша мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамы Қағаз жеткізгіште Өтініш және Салық кодексінің 530-бабы 2-тармағында көзделген құжаттар келіп түскен күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, оны қарауы және жанама салықтарды төлеу (босату не төлеудің өзге тәсілі) фактісін растауы не тиісті растаудан дәлелді бас тартуға құқылы.

Өтініш қағаз жеткізгіште табыс етілген кезде бір данасы мемлекеттік кірістер органында қалады, үш данасы Өтініштің 2-бөлімінде жанама салықтарды төлеу туралы (босату не төлеудің өзге тәсілі) мемлекеттік кірістер органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады. Бұл ретте салық төлеуші Өтініштің екі данасын мемлекеттік кірістер органының белгісімен оның аумағынан тауарлар экспортталған мүше мемлекеттің салық төлеушісіне жолдайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 28 қазандағы
№ 628 бұйрығына
2-қосымша

"Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (328.00-нысан)" салық есептілігін ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (328.00-нысан)" салық есептілігін толтыру және ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Өтініш) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 115-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және оларды толтыру және өтінішті ұсыну тәртібін айқындайды.

2-тарау. "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш" салық есептілігін толтыру және табыс ету тәртібі

2. Өтінішті жасау кезінде:

- 1) қағаз тасығышта – шарикті немесе қаламұшты қаламмен, қара немесе көк сиямен, бас басылған таңбалармен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;
- 2) электрондық нысанда – Салық кодексінің 115-бабына сәйкес толтырылады.

Өтініш пен қосымшаның беттерін салық төлеуші нөмірлейді.

3. Өтінішті Салық кодексінің 115-бабының 3-тармағына сәйкес салық төлеуші (салық агенті) қазақ және (немесе) орыс тілдерінде қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде жасайды, қол қояды, куәландырады (электрондық цифрлық қолтаңбамен).

Өтініш электрондық түрде салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесі арқылы не ақпаратты компьютерлік өңдеуге мүмкіндік беретін электрондық жеткізгіште ұсынылады.

Бұл ретте салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесі арқылы ұсынылатын электрондық түрдегі Өтініш Салық кодексінің 115-бабының 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

Өтініште электрондық түрде көрсетілген мәліметтер Өтініште қағаз жеткізгіште қамтылған мәліметтерге сәйкес келуге тиіс.

4. Өтінішті салық төлеуші не оның өкілі қағаз жеткізгіште 4 (төрт) данада және электрондық түрде не электрондық түрде орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша Мемлекеттік кірістер органына табыс етеді.

5. Электрондық түрде ұсынылған өтінішке салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесінің орталық торабы тіркеу нөмірін береді.

6. Қағаз жеткізгіште ұсынылған Өтінішті Мемлекеттік кірістер органы осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық түрде ұсынылған

Өтініштің тіркеу нөмірімен салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесінің орталық торабы берген тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы Өтініштерді тіркеу журналында тіркейді.

Бұл тіркеу нөмірін Мемлекеттік кірістер органы қағаз жеткізгіште ұсынылған Өтініш даналарының екінші бөлімінде қояды.

Өтінішті қағаз тасығышта 4 (төрт) данада және электрондық түрде ұсынған кезде Мемлекеттік кірістер органы Өтінішті қағаз тасығышта қабылдаған күн Өтінішті берген күн болып табылады, Өтінішті тек электрондық түрде берген кезде – салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесінің орталық торабының қабылдаған күні болып табылады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 28 қазандағы
№ 628 бұйрығына
3-қосымша

"Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының Салық кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес әзірленді және "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қабылдау" салық есептілігін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) толтыруды және табыс етуді айқындайды

2-тарау. "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

2. "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Мемлекеттік кірістер органы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

3. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру мыналармен жүзеге асырылады:

1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы;

2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады;

3) "Электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - egov.kz порталы) арқылы жүзеге асырылады;

4) ақпараттандыру объектілері (оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшалары), knp.kgd.gov.kz "Салық төлеуші кабинеті" веб-қосымшасы арқылы жүзеге асырылады.

4. Процестің сипаттамаларын, көрсетілетін қызметтің нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қабылдау" Қағидаларға салық есептілігі нысандарын ұсыну қағидаларына қосымшада баяндалған.

5. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге немесе почта немесе өзге де байланыс ұйымы арқылы жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесі құжаттарды қабылдағаны үшін қабылдайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесіне құжаттарды өңдеуге береді.

Көрсетілетін қызметті берушіге электрондық түрде жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында салық есептілігі нысандары (бұдан әрі – СЕН) egov.kz порталы арқылы қабылданады.

"Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер Тізбесінің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

Жеке басын сәйкестендіру үшін көрсетілетін қызметті алушы жеке басын куәландыратын құжатты немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты ұсынады.

Мемлекеттік АЖ-да қамтылған жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және (немесе) Мемлекеттік корпорация қызметкері уәкілетті лауазымды тұлғалардың электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжаттар нысанында egov.kz порталы арқылы осындай жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан АЖ-дан алынуы мүмкін құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

6. Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушы тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы талон алады;

2) құжаттарды қабылдауға жауапты көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі құжаттар келіп түскен күні ұсынылған құжаттарды қабылдауды, тексеруді және тіркеуді (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүгінген кезде құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) жүзеге асырады;

3) көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларына қосымшаға сәйкес тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған кезде құжаттарды қабылдаудан бас тартады;

4) құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер ұсынылған құжаттардың толықтығы фактісін анықтаған кезде құжаттарды енгізеді және құжаттарды алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Мемлекеттік кірістер органының АЖ-де (бұдан әрі-МКО) өңдейді;

5) осы Қағидаларға "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының қосымшасына сәйкес тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе бас тарту туралы дәлелді жауап қағаз жеткізгіште беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне жүгінбеген кезде көрсетілетін қызметті беруші оларды көрсетілетін қызметті алушы алғанға дейін қабылдау орны бойынша сақтауды қамтамасыз етеді.

7. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:

1) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдау кезінде осы өтініш берушіден тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы электрондық қолхат береді, онда қабылданған құжаттардың тізбесі, өтінішті қабылдаған қызметкердің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), өтінішті берген күні мен уақыты, сондай-ақ дайын құжаттардың берілген күні көрсетіледі, өтініш берушінің өтініші бойынша қолхат қағаз түрінде беріледі;

2) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар тізбесінің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын және мәліметтерді, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған кезде құжаттарды

қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға салық есептілігі нысандарын ұсыну қағидаларына қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді;

3) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдайды, тексереді және қабылданған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге курьерлік байланыс арқылы жібереді;

4) осы Қағидаларға "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына қосымшаға сәйкес тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе бас тарту туралы дәлелді жауап қағаз жеткізгіште беріледі.

Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжаттарды не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілетін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжатты ұсынады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның мерзімінде талап етілмеген құжаттарды сақтау шарттары:

көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне жүгінбеген кезде көрсетілетін қызметті беруші оларды көрсетілетін қызметті алушы алғанға дейін қабылдау орны бойынша сақтауды қамтамасыз етеді;

Мемлекеттік корпорация құжаттарды сақтауды 1 (бір) ай ішінде қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді.

Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткеннен кейін жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

9. egov.kz порталы арқылы жүгінген кезде knp.kgd.gov.kz "Салық төлеуші кабинеті" веб-қосымшасы көрсетілетін қызметті алушыға:

мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе;

көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі.

10. МКО АЖ-де қабылдау және (немесе) өңдеу кезінде СЕН оны толтырудың толықтығы мен дұрыстығын форматтық-логикалық бақылауға (бұдан әрі – ФЛБ) жатады.

Ұсынылған электрондық СЕН-ді ФЛБ МКО АЖ-де толтыру, қабылдау және (немесе) өңдеу кезінде жүзеге асырылады.

СЕН "Құжат қабылданды" мәртебесі кезінде МКО АЖ-дағы ФЛБ қорытындылары бойынша ұсынылды деп танылады.

11. Осындай СЕН-де көрсетілуге жататын салық салу объектісі болған кезде салық төлеуші осы салық кезеңі үшін СЕН-ді автоматты СЕН-ге ұсынуға міндетті.

12. СЕН мынадай жағдайларда МКО қабылдауға жатпайды:

1) СЕН УО белгілеген нысанға сәйкес келмейді;

2) СЕН-да салық төлеушінің және (немесе) МКО-ның міндетті сәйкестендіру деректері және (немесе) СЕН жасалған күні және (немесе) түрі көрсетілмеген немесе дұрыс көрсетілмеген;

3) СЕН қол қойылмаған және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өз мөрімен куәландырылмаған;

13. СЕН-ді кері қайтарып алу (328.00-нысан) Салық кодексінің 532-бабы 6-тармағында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немес) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

14. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым береді:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

УО басшысының атына;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға.

Бұл ретте осындай корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым оның басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді тікелей көрсететін мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңның (бұдан әрі – Заң) 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Заңның 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі. Егер заңда жоғары тұрған органға шағымдану қажеттілігінсіз сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген жағдайда, әкімшілік орган, әкімшілік әрекеті (әрекетсіздігі) дауланатын лауазымды адам, әкімшілік акті сотқа кері қайтарып алумен қатар жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамның уәжді ұстанымын ұсынады.

"Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына қосымша

"Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
11	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар, арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы мемлекеттік кірістер органдары (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші)
22	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады; 3) "Электрондық Үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - egov.kz порталы) арқылы жүзеге асырылады; 4) ақпараттандыру объектілері (оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшалары), knp.kgd.gov.kz "Салық төлеуші кабинеті" веб-қосымшасы арқылы жүзеге асырылады.
33	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері	1) Салық есептілігі нысанын қабылдау келу тәртібімен қағаз жеткізгіште ұсынылған (бұдан әрі – СЕН) – оны берген сәттен бастап 20 (жиырма) минут ішінде; 2) СЕН-ді электрондық түрде қабылдау – көрсетілген қызметті берушінің ақпараттық жүйесі қабылдаған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей; 3) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға тапсыруы үшін күтудің рұқсат

		етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут; 4) көрсетілетін қызметті алушыға Мемлекеттік корпорациямен қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.
44	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)/ қағаз.
45	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	1) Мемлекеттік корпорацияның СЕН-ді қабылдау туралы белгісі; 2) почта немесе өзге де байланыс ұйымының СЕН-ді қабылдау туралы қабылдау уақыты мен күнін белгілеу; 3) көрсетілетін қызметті берушінің СЕН-ді электрондық түрде қабылдағаны туралы хабарлама/растау; 4) тиісті белгі қою арқылы тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы СЕН-ге импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) төлеу фактісін көрсетілетін қызметті берушінің растауы (328.00-нысан); 5) осы Тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы көрсетілетін қызметті берушінің дәлелді жауабы.
56	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемнің мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
		1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек Кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – мерекелер туралы Заң) сәйкес демалыс және мереке күндерінен қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі

13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 8.30-дан 18.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

2) Мемлекеттік корпорация - дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету бөлімдерінің кезекшілері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін Еңбек кодексіне және мереке туралы Заңға сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа.

Қабылдау жеделдетілген қызмет көрсетусіз электрондық кезек тәртібімен жүзеге асырылады, электрондық кезекті egov.kz порталы арқылы брондауға болады;

3) egov.kz порталы - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Еңбек кодексіне және мереке туралы Заңға сәйкес жүгінген кезде құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурста орналастырылған:

1) kgd.gov.kz көрсетілетін қызметті берушінің;

2) Мемлекеттік корпорация: gov4c.kz.

3) egov.kz порталы;

4) knp.kgd.gov.kz. "Салық төлеуші кабинеті" веб-қосымшасы

көрсетілетін қызметті алушы не Қазақстан Республикасының

азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжаттың негізінде әрекет ететін оның өкілі жүгінген кезде, онда өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетіледі; тауарларды, оның ішінде алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдері болып табылатын тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) мүше мемлекеттердің аумағынан импорты кезінде салық төлеуші, егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, көрсетілетін қызметті берушіге СЕН-ды орналасқан жері бойынша (328.00-нысан), оның ішінде лизинг шарттары (келісімшарттары) бойынша қағаз жеткізгіште және электрондық нысанда салық кезеңінен кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей. Бір мезгілде СЕН-ге (328.00-нысан) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) импортталған тауарлар бойынша жанама салықтардың нақты төленгенін растайтын банктің үзінді көшірмесі және (немесе) импортталған тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесінің орындалғанын растайтын Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де төлем құжаты немесе Салық кодексінің 525-бабының талаптарын ескере отырып, ҚҚС-тан босатылғанын растайтын құжаттар.

Бұл ретте көрсетілген құжаттар ҚҚС төлеудің өзге тәртібі кезінде, сондай-ақ импортталған тауарлар бойынша ҚҚС бойынша дербес шоттарда артық төлем болған жағдайда табыс етілмейді, ол салық төлеуші салықтың басқа түрлері бойынша артық төлеудің көрсетілген сомаларын есепке алу үшін СЕН-ді (328.00-нысан)

ұсынбаған жағдайда импортталған тауарлар бойынша ҚҚС бойынша алдағы төлемдер есебіне есепке жатқызылуға жатады және бюджетке төленетін төлемдер немесе есеп айырысу шотына қайтару.

Лизинг шарттары (келісімшарттары) бойынша осы тармақшада көрсетілген құжаттар есепті салық кезеңіне келетін лизинг шартында (келісімшартында) көзделген лизингтік төлем мерзімі бойынша осы тармақта белгіленген мерзімде ұсынылады;

2) тауарлардың ЕАЭО-ға мүше бір мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына өткізілуін растайтын тауарға ілеспе және (немесе) өзге де құжаттар (егер тауарларды өткізудің жекелеген түрлері, оның ішінде тауарларды көлік құралдарын пайдаланбай өткізу үшін бұл құжаттарды ресімдеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмесе, көрсетілген құжаттар ұсынылмайды);

3) тауарларды жөнелту кезінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес ресімделген шот-фактуралар, егер оларды ұсыну (үзінді көшірме) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген (көзделген) жағдайда жүзеге асырылады.

Егер шот-фактураны ұсыну (жазып беру) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің заңнамасында көзделмесе (көзделмесе) не тауарлар ЕАЭО-ға мүше мемлекет болып табылмайтын мемлекеттің салық төлеушісінен сатып алынса, шот-фактураның орнына импортталған тауарлардың құнын растайтын сатушы ұсынған (жазып берген) өзге құжат ұсынылады;

4) олардың негізінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлар

сатып алынған шарттар (келісімшарттар), тауарлар (лизинг заттары) лизингі жағдайында – лизинг шарттары (келісімшарттары), заттар түрінде қарыз берілген жағдайда-қарыз шарттары, тауарларды дайындау туралы шарттар (келісімшарттар), шарттар алыс-беріс шикізатын өңдеуге арналған (келісімшарттар) ;

5) Қазақстан Республикасының салық төлеушісіне ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттің салық төлеушісі не ЕАЭО мүшесі болып табылмайтын мемлекеттің салық төлеушісі ұсынған, үшінші мемлекеттің аумағынан импортталған тауарларды өткізетін ұйымның басшысы (ЖК) қол қойған және мөрімен куәландырылған ақпараттық хабарлама (Салық Кодексінің 528-бабының 2, 3, 4 және 5-тармақтарында көзделген жағдайларда) - ЕАЭО-ға мүше үшінші мемлекеттің салық төлеушісі және ЕАЭО-ға мүше осы үшінші мемлекеттің салық төлеушісімен жасалған шарт (келісімшарт) туралы мәліметтерді қамтитын ЕАЭО-ға мүшесі, импортталған тауарды сатып алу туралы:

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің салық төлеушісі ретінде тұлғаны сәйкестендіретін нөмір;

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің салық төлеушісінің (ұйымның, ЖК) атауы;

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің салық төлеушісінің орналасқан жері (тұрғылықты жері);

келісімшарттың (шарттың) нөмірі мен күні;

спецификацияның нөмірі мен күні

.

Егер сатып алынатын тауар ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің салық төлеушісі өткізілетін тауардың меншік иесі болып табылмаса (комиссионер, сенім білдірілген өкіл болып табылса), онда осы тармақшаның бірінші бөлігінің

Мемлекеттік қызметті көрсетуші үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

екінші – алтыншы абзацтарында көрсетілген мәліметтер өткізілетін тауардың меншік иесіне қатысты да ұсынылады.

Шет тілінде ақпараттық хабарлама ұсынылған жағдайда қазақ және орыс тілдеріне аударманың болуы міндетті.

Егер осы тармақшада көзделген мәліметтер осы тармақтың екінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген шартта (келісімшартта) қамтылған жағдайда ақпараттық хабарлама ұсынылмайды;

6) комиссияның шарттары (келісімшарттары) немесе тапсырмалар (олар жасалған жағдайларда);

7) Комиссия немесе тапсырма шарттары бойынша Қазақстан Республикасының аумағына ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттің аумағынан импортталған тауарлар сатып алынған шарттар (келісімшарттар) (ҚҚС комиссионер, сенім білдірілген өкіл төлейтін жағдайларды қоспағанда, Салық Кодексінің 528-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларда).

Осы тармақтың екінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттар болмаған кезде бөлшек саудада сатып алу-сату жағдайында Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарларды (оның ішінде бақылау-касса машинасының чектерін, тауар чектерін, сатып алу актілерін) алғанын (не сатып алғанын) растайтын құжаттар ұсынылады.

1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларда көрсетілген құжаттар осы тармақтың екінші бөліктері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша салық төлеушіде мөр болмаған жағдайларды қоспағанда, басшының және бас бухгалтердің (ол болған кезде) не салық төлеушінің шешімі бойынша оған уәкілеттік берілген өзге де

адамдардың қолдарымен, сондай-ақ салық төлеушінің мөрімен куәландырылған көшірмелерде ұсынылуы мүмкін. Бұл ретте құжаттардың көрсетілген көшірмелері соңғы парақта парақтардың жалпы саны көрсетіле отырып, тігілген (тігілген), нөмірленген (нөмірленген) және басшының және бас бухгалтердің (ол болған кезде) не салық төлеушінің шешімі бойынша оған уәкілеттік берілген өзге де адамдардың қолдарымен соңғы парақта куәландырылған (куәландырылған) кітап (кітаптар) түрінде ұсынылуы мүмкін, сондай-ақ салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша мөрі болмаған жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің мөрімен.

Лизинг шарттары (келісімшарттары) бойынша салық төлеуші көрсетілетін қызметті берушіге импортталған тауарларды (лизинг заттарын) есепке алу айына салық кезеңінен кейінгі айдың 20 – күнінен кешіктірмей СЕН - мен бір мезгілде (328.00-нысан) осы тармақтың екінші бөлігінің 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынады. Кейіннен салық төлеуші көрсетілетін қызметті берушіге лизинг шартында (келісімшартында) көзделген төлем мерзімі айынан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей СЕН-мен бір мезгілде (328.00-нысан) осы тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген құжаттарды (олардың көшірмелерін) ұсынады.

Егер лизинг шартында (келісімшартында) көзделген тауарлар (лизинг заттары) құнының бір бөлігіне ақы төлеу мерзімі басталған күн тауарларды (лизинг заттарын) Қазақстан Республикасының аумағына әкелгеннен кейін басталған

жағдайда, салық төлеуші көрсетілетін қызметті берушіге импортталған тауарларды (лизинг заттарын) есепке алу үшін қабылдау айы – салық кезеңінен кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей табыс етеді, СЕН-мен бір мезгілде (328.00-нысан) осы тармақтың екінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген құжаттар. Бұл ретте салық төлеуші СЕН-де (328.00-нысан) ҚҚС бойынша салық базасын көрсетпейді.

Егер лизинг шарты (келісімшарты) бойынша тауарлар (лизинг заттары) құнының бір бөлігіне ақы төлеу мерзімінің басталу күні Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды (лизинг заттарын) әкелу күніне дейін белгіленген жағдайда, салық төлеуші көрсетілетін қызметті берушіге импортталған тауарларды (лизинг заттарын) есепке алуға қабылдау айы – салық кезеңінен кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей бір мезгілде табыс етеді СЕН-мен (328.00 - нысан) осы тармақтың екінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген құжаттар.

Кейіннен салық төлеуші көрсетілетін қызметті берушіге лизинг шартында (келісімшартында) көзделген төлем мерзімі айынан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей СЕН-мен бір мезгілде (328.00-нысан) осы тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген құжаттарды (олардың көшірмелерін) ұсынады.

СЕН (328.00 - нысан) тек электрондық нысанда ұсынылған кезде осы тармақтың екінші бөлігінің 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттар egov.kz порталға ұсынылмайды:

тауарларды, оның ішінде алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдері болып табылатын

		тауарларды ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорттау кезінде салық төлеуші көрсетілетін қызметті берушіге СЕН-ді орналасқан жері бойынша (328.00-нысан), оның ішінде лизинг шарттары (келісімшарттары) бойынша қағаз жеткізгіште және электрондық нысанда - белгіленген нысан бойынша салық кезеңінен кейінгі айдың 20-нан кешіктірмей ұсынуға міндетті. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "Электрондық Үкімет" шлюзі арқылы алады.
99	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	Импортталған тауарлар бойынша ҚҚС төлеу фактісін растаудан дәлелді бас тарту мынадай жағдайларда жүзеге асырылады: 1) Салық кодексінің 530-бабының 2-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбағанда; 2) Салық кодексінің 530-бабының 2-тармағында көзделген салық төлеуші ұсынған құжаттарда қамтылған мәліметтерге (328.00-нысан) СЕН-де көрсетілген мәліметтердің сәйкессіздігі анықталғанда; 3) салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған қағаздағы СЕН (328.00-нысан) электрондық СЕН (328.00-нысан) деректеріне сәйкес келмегенде; 4) СЕН толтырудың (328.00-нысан) бекітілген нысанды жасау және оны ұсыну түсіндірмелеріне сәйкес келмеуі; 5) осыған байланысты салық салынатын импорт мөлшерін түзету жүзеге асырылатын импортталған тауарлар бойынша салық салынатын импорттың мөлшерін және (немесе) жанама салықтардың сомаларын кеміту;

		6) СЕН-де (328.00-нысан) көрсетілген жанама салықтардың есептелген сомаларын төлемеу, сондай-ақ толық көлемде төлемеу; 7) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 8) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі; 9) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар	Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінде белгіленген өзіне-өзі қызмет көрсетуді жүзеге асыру, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылған көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жері бойынша 1414, 8 800 080 777 бірыңғай байланыс орталығына жүгіну арқылы жүргізеді (Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде). Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті egov.kz порталы арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар және көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы арқылы knp.kgd.gov.kz "Салық төлеушінің кабинеті" веб-қосымшасында ЭЦҚ болған жағдайда.

	Көрсетілетін қызметті алушының egov.kz порталындағы "Жеке кабинет" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар, бірыңғай байланыс орталығы. Сандық құжаттар қызметі мобильді қосымшада авторизацияланған пайдаланушылар үшін қол жетімді . Цифрлық құжатты пайдалану үшін ЭЦҚ немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторизациядан өту, бұдан әрі " Цифрлық құжаттар" бөліміне өту және қажетті құжатты таңдау қажет.
--	---

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 28 қазандағы
№ 628 бұйрығына
4-қосымша

Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтарып алу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтарып алу Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі - Салық кодексі) 532-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтарып алу (бұдан әрі – өтінішті кері қайтарып алу) тәртібін айқындайды.

2. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (бұдан әрі – Өтініш) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органына салық төлеуші электронды түрде мемлекеттік органдарын ақпараттандыру объектілері арқылы және қағаз жеткізгіште ұсынған салық өтініші негізінде мемлекеттік кірістер органдарынан кері қайтарып алуға жатады.

2-тарау. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтарып алу тәртібі

3. Кері қайтарып алу үшін мемлекеттік кірістер органына өтінішті кері қайтарып алу ұсынылады. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін, егер Салық кодексінде осындай

өтінішті ұсыну жөніндегі міндет көзделмеген жағдайда, өтініш қате ұсынылған болып есептеледі.

4. Өтінішті кері қайтарылып алу келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1) өтінішті қате ұсыну;

2) Салық кодексі 533-бабының 3-тармағына сәйкес тауарлардың сапасының және (немесе) жинақталуының тиісінше болмауы себебінен тауарларды толық қайтару;

3) Мемлекеттік кірістер органы тауар импортының болмау фактісін анықтаған кезде жүзеге асырылады.

5. Өтінішті кері қайтарып алу мемлекеттік кірістер орнанына мынадай әдістердің бірімен ұсынылғаннан кейін жүргізіледі:

1) сапасының және (немесе) жинақталуының жеткіліксіздігі себебінен толық көлемде қайтарылған импортталған тауарлар бойынша қате ұсынылған немесе ұсынылған өтініштер бойынша, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органы тауар импортының жоқтығы фактісін анықтаған кезде қолданылатын салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесінің орталық торабынан алып тастау;

2) жаңа өтінішті бір мезгілде ұсына отырып, бұрын ұсынылған өтінішті кері қайтарып алу жолымен салық төлеуші өтінішке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді жүргізетін ауыстыру;

3) өтініш орналасқан жері бойынша емес мемлекеттік кірістер органына жіберілген жағдайда өзгерістер енгізіледі.

6. Салық төлеушінің дербес шоттарында қате ұсынылған өтінішті кері қайтарып алу кезінде жанама салықтардың есептелген сомаларын қайтарып алуды мемлекеттік кірістер органы жүргізеді.

7. Салық төлеуші өтінішке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді салық кодексінің 533-бабы 2-тармағының ережелерін ескере отырып, кері қайтарып алынған өтініштің орнына мемлекеттік кірістер органы ұсынған өтініште көрсету жолымен жүргізеді.

8. Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) аумағынан импортталған тауарларды сапасының және (немесе) жиынтықталуының жеткіліксіздігі себебінен ішінара қайтаруды жүзеге асыру кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізуге байланысты өтінішті кері қайтарылған жағдайда, осындай тауарлар әкелінген ай өткеннен кейін осындай тауарлар бойынша мәліметтер өтініште көрсетілуге тиіс, кері қайтарылған өтініштің орнына ұсынылған.

9. Қазақстан Республикасының аумағына ЕАЭО аумағынан импортталған тауарлар осындай тауарлар әкелінген ай өткеннен кейін сапасының және (немесе) жинақталуының тиісінше болмауы себебінен толық қайтарылған жағдайда.

Мұндай тауарлар бойынша ұсынылған өтініш салық кодексінің 532-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жою әдісімен қайтарып алынады.

10. Өтінішті кері қайтарып алу кезінде осы Қағидалардың 8 және 9-тармақтарында көзделген жағдайларда, Салық кодексінің 530-бабының 2-тармағында көзделген

құжаттардан басқа, енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың негізділігін растайтын Салық кодексінің 533-бабының 4-тармағында көзделген құжаттар ұсынылады.

11. Салық төлеушінің дербес шоттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мақсатында өтінішті кері қайтарып алған жағдайда мемлекеттік кіріс органы кері қайтарып алуға берілген өтініш негізінде жанама салықтардың тиісті сомаларын есептеуді (азайтуды) жүргізеді.

12. Өтінішті кері қайтарып алу бойынша мемлекеттік кірістер органдарын ақпараттандыру объектілері арқылы электрондық түрде және қағаз жеткізгіште ұсынылған мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамы өтінішті кері қайтарып алу келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде салық төлеушіге қабылдау не қабылдамау туралы хабарламаны қарайды және жібереді.

13. Салық кодексінің 532-бабының 5-тармағына сәйкес салық төлеушінің өтінішке өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 28 қазандағы
№ 628 бұйрығына
5-қосымша

НЫСАН

БСН (ЖСН) – бизнес сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі).

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 28 қазандағы
№ 628 бұйрығына
6-қосымша

Мемлекеттік кірістер органдарының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын және импортталған акцизделетін тауарлар бойынша акцизді төлеу фактісін тиісті белгі қою не растаудан дәлелді бас тарту жолымен тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште растау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы мемлекеттік кірістер органдарының Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) аумағынан импортталған акцизделетін тауарлар бойынша қосылған құн салығын және акцизді төлеу фактісін растау қағидалары тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште (бұдан әрі – Өтініш) тиісті белгі қою не растаудан дәлелді бас тарту жолымен (бұдан әрі – Қағидалар) әзірленді Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 530-бабының 7-тармағына және 549-бабының 5-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Салық Кодексі) және Мемлекеттік кірістер органдарының ЕАЭО аумағынан импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын және акцизді төлеу фактісін тиісті белгі қою не өтініште растаудан дәлелді бас тарту (бұдан әрі – жанама салықтар) арқылы растау тәртібін айқындайды.

2-тарау. Қағаз жеткізгіште және электрондық нысанда берілген Өтініштер бойынша жанама салықтарды төлеу фактісін растау тәртібі

2. Электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған, мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттандыру объектілерінің құралы бойынша қағаз жеткізгіште 4 (төрт данада) және электрондық нысанда ұсынылған өтініште жанама салықтарды төлеу фактісін Мемлекеттік кіріс органдарының растауы қағаз жеткізгіште және электрондық нысанда өтініш және құжаттар келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізіледі, Салық кодексінің 530-бабының 2-тармағында көзделген өтініштің 4 (төрт) данасына тиісті белгі қою арқылы жүзеге асырылады.

3. Жанама салықтарды төлеу фактісін растау туралы белгі өтініштің екінші бөлімінде қойылады және куәландырылады:

тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) (бұдан әрі – тегі, аты және әкесінің аты), белгі қойылған күні көрсетілген белгі қойған лауазымды тұлғаның қолымен;

Мемлекеттік кірістер органы басшысының (басшысының орынбасарының) қолымен , оның тегі, аты және әкесінің аты, қол қойылған күні көрсетіле отырып;

Мемлекеттік кірістер органының мөрмен.

4. Өтініштің бір данасы мемлекеттік кірістер органында қалады, белгілері бар үш данасы салық төлеушіге (салық агентіне) не оның заңды немесе уәкілетті өкіліне қайтарылады (бұдан әрі-өкіл).

Бұл ретте салық төлеуші не оның өкілі осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштерді тіркеу журналына қол қойғызып Өтініштің тиісті үш данасын алады.

5. Жанама салықтарды төлеу фактісін растаудан дәлелді бас тартуды мемлекеттік кірістер органы өтініш қағаз жеткізгіште және электрондық нысанда келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салық төлеушіге (салық агентіне) қағаз жеткізгіште жанама салықтарды төлеу фактісін растаудан дәлелді бас тартуды жіберу арқылы жүргізеді (бұдан әрі - дәлелді бас тарту).

Дәлелді бас тартуда дәлелді бас тартуды алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде анықталған сәйкессіздіктер (бұзушылықтар), салық төлеушінің өтінішті табыс етуі көрсетіледі

Дәлелді бас тарту 2 (екі) данада беріледі, оның бір данасы мемлекеттік кірістер органында қалады, растаудан уәжді бас тартудың екінші данасы өтініштің үш данасымен бірге салық төлеушіге (салық агентіне) не оның өкіліне тапсырылады.

3-тарау. Электрондық нысанда ғана ұсынылған Өтініштер бойынша жанама салықтарды төлеу фактісін растау тәртібі

6. Салық кодексінің 530-бабының 4-тармағына сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық нысанда ғана ұсынылған өтініштер бойынша жанама салықтарды төлеу фактісін мемлекеттік кірістер органдарының растауы салық төлеушіге (салық агентіне) жанама салықтарды төлеу фактісін растау туралы хабарламаны жолдау жолымен ол түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лауазымды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған электрондық нысанда жүргізіледі.

7. Дәлелді бас тартуды мемлекеттік кірістер органы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық нысанда өтініш келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лауазымды адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық нысанда салық төлеушіге (салық агентіне) дәлелді бас тартуды жіберу жолымен жүргізеді.

Дәлелді бас тартуда анықталған сәйкессіздіктер (бұзушылықтар), сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) дәлелді бас тартуды алған күннен бастап күнтізбелік 15 (

он бес) күн ішінде Салық кодексінің 530-бабының 9-тармағына сәйкес бұзушылықтарды жоя отырып, мемлекеттік кірістер органдарына өтініш беру міндеті көрсетіледі.

4-тарау. Мемлекеттік кірістер органдарының импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеу фактісін растаған не дәлелді бас тартқан жағдай

8. Мемлекеттік кірістер органдары дәлелді бас тартуды шығару жағдайлары болмаған кезде, берілген Өтінішке сәйкес импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеу фактісін расталады.

9. Дәлелді бас тарту келесі жағдайларда ұсынылады:

- 1) Салық кодексінің 530-бабының 2-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбаған;
- 2) Өтініште көрсетілген мәліметтердің Салық кодексінің 530-бабының 2-тармағында көзделген, салық төлеуші табыс еткен құжаттарда қамтылған мәліметтермен сәйкес келмеуі анықталған;
- 3) қағаз жеткізгіште табыс еткен Өтініште көрсетілген деректердің салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасмен куәландырылған электрондық нысанда табыс еткен Өтініш деректерімен сәйкес келмесе;
- 4) "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (328.00-нысан)" салық есептілігін жасау бойынша түсіндірмемен Өтінішті толтырудың сәйкес келмеуі ;
- 5) осыған байланысты салық салынатын импорт мөлшерін түзету жүзеге асырылатын импортталған тауарлар бойынша салық салынатын импорттың мөлшерін және (немесе) жанама салықтардың сомаларын төмендету;
- 6) Өтініште көрсетілген жанама салықтардың есептелген сомаларын төлемеу, сондай-ақ толық көлемде төлемеу.

Мемлекеттік кірістер
органдарының Еуразиялық
экономикалық одаққа мүше
мемлекеттердің аумағынан
импортталған тауарлар бойынша
қосылған құн салығын және
импортталған акцизделетін
тауарлар бойынша акцизді төлеу
фактісін тиісті белгі қою не
растаудан уәжді бас тарту
жолымен тауарларды әкелу және
жанама салықтарды төлеу
туралы өтініште растау, сондай-ақ
Мемлекеттік кірістер
органдарының импортталған
тауарлар бойынша қосылған құн
салығын төлеу фактісін растау
не растаудан уәжді бас тарту
қағидаларына қосымша

НЫСАН

Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштерді тіркеу журналы

Тіркеу нөмірі	МКО-ға Өтінішті беру күні	Салықтөлеушінің атауы, ТАӨ	БСН/ЖСН	Парақтардың саны	Өтінішті тіркеудің үзеге асырғанға МКО лауазымды тұлғасының ТАӨ	Өтінішті тіркеудің үзеге асырғанға МКО лауазымды тұлғасының қолы	МКО-ның Өтінішке белгі қою күні	Өтініштің 3 (үш) данасын қолма-қол беру (пошта арқылы жолдау) күні	Қолма-қол табыс етілді	Пошта арқылы жолданды
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	

кестенің жалғасы

МКО-ның белгісі бар Өтініштің 3 (үш) данасын алған тұлғаның ТАӨ	МКО-ның белгісі бар Өтініштің 3 (үш) данасын алған тұлғаның қолы	Белгі қойған (белгі қоядан бас тарту туралы хабарламаны дайындаған) лауазымды тұлғаның ТАӨ	Салық төлеушіге МКО-ның белгі қоядан бас тарту туралы хабарламаны жолдаған күні
11	12	13	14

Қосымша: Аббревиатураларды ашып жазу қосымшасы:

ТАӨ - тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

МКО – мемлекеттік кірістер органы;

БСН (ЖСН) – бизнес сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестенедіру нөмірі).

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 28 қазандағы
№ 628 бұйрығына
7-қосымша

НЫСАН

Жанама салықтарды төлеу фактісін растаудан дәлелді бас тарту

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 530-бабының

8-тармағының негізінде: _____ (МКО атауы)

Сізге хабарланады, _____

(Салық төлеушінің (салық агентінің) Т.А.Ә. немесе атауы)

БСН (ЖСН): _____

тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш бойынша жанама салықтарды төлеу фактісін растаудан бас тарту туралы (328.00-нысан) (бұдан әрі-Өтініш)

№ _____

(Өтініштің нөмірі мен күні)

Өтініштің тіркеу нөмірі: _____

Салық кезеңі: жылы _____ айы _____

Мынадай себептер бойынша (сәйкес ұяшыққа Х енгізіңіз):	
1) Өтініште көрсетілген мәліметтердің Салық кодексінің 530-бабының 2-тармағында көзделген салық төлеуші табыс еткен құжаттарда қамтылған мәліметтермен сәйкес келмеуін анықтау;	
2) салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған, қағаз жеткізгіште ұсынылған өтініште көрсетілген деректердің электрондық түрде табыс еткен Өтініш деректерімен сәйкес келмеуі;	
3) Өтініште көрсетілген жанама салықтардың есептелген сомаларын төлемеу, сондай-ақ толық көлемде төлемеу;	
4) салық салынатын импорт мөлшеріне және (немесе) салық салынатын импорт мөлшерін түзету жүзеге асырылатын импортталған тауарлар бойынша жанама салықтардың сомаларын төмендету;	
5) Өтінішті құрастырудың оны жасау жөніндегі түсіндірмеге сәйкес келмеуі;	
6) Салық кодексінің 530-бабының 2-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбау.	

Анықталған бұзушылықтардың мәні: _____

Салық кодексінің 530-бабының 9-тармағына сәйкес Сіз Растаудан уәжді бас тартуды

алған күнен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде бұзушылықтарды жоя отырып

,

қайта Өтініш бере аласыз.

МКО басшысы (басшының орынбасары): _____

ТАӘ, қолы

М.О.

Салық төлеушіге (салық агентіне) табыс ету (жөнелту) туралы белгі:

(Мемлекеттік органның лауазымды адамының ТАӘ, қолы, күні)

Алу туралы белгі: _____

(Салық төлеушінің (салық агентінің) ТАӘ, қолы, күні)

Алған күні: _____

Қолданбалы сервердің қолы Салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі/өтініштің
тіркеу
нөмірі/парақ

Ескертпе: Аббревиатураларды ашып жазу қосымшасы:

ТАӘ – тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

МКО – мемлекеттік кірістер органдары;

БСН (ЖСН) – бизнес сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі);

М.О. – мөртаңба орны.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 28 қазандағы
№ 628 бұйрығына
8-қосымша

нысан

Жанама салықтарды төлеу фактісін растау туралы хабарлама

Сатып алушының сәйкестендіру нөмірі: _____

Сатып алушының атауы: _____

Өтініш деректері: № _____ от _____, _____ г.

Салықтық кезең: _____

Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің (бұдан әрі –

Өтініш) кіріс (тіркеу) нөмірі: _____

Өтінішті тіркеу күні: _____

Кері қайтарып алынатын өтініштің кіріс (тіркеу) нөмірі: _____

Түзетілген өтініштің кіріс (тіркеу) нөмірі: _____

МКО коды: _____

Жанама салықтарды төлеу фактісін растаған МКО-ның лауазымды тұлғасының

ТАӘ: _____

Жанама салықтарды төлеу фактісін растау күні: _____

Атауы	Сомасы	Валюта коды
-------	--------	-------------

Қолданбалы сервердің қолы Салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі/өтініштің
тіркеу
нөмірі/ парақ

Ескертпе: Аббревиатураларды ашып жазу қосымшасы:

МКО – мемлекеттік кірістер органдары;

ТАӘ – тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 6 ақпандағы № 133 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16414 болып тіркелген).

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 276 бұйрығының 1-тармағының 2) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22468 болып тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 4 мамырдағы № 425 "Мемлекеттік кірістер органдарының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште импортталған акцизделетін тауарлар бойынша акциздің және импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеу фактісін тиісті белгі қою арқылы растауы не растаудан уәжді бас тартуы қағидаларын, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдарының импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеу фактісін растауы не растаудан уәжді бас тартуы жағдайларын бекіту туралы" бұйрығы тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште тиісті белгі қою не Еуразиялық экономикалық одаққа мүше растау, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдарының импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеу фактісін растау не растаудан уәжді бас тарту жағдайлары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22690 болып тіркелген).